

Осыдан бірнеше ай бұрын әлеуметтік желідегі паракшама былай деп жазған едім.  
«Жастар жылында» жас-тардың қалайтыны – үйлі болу мен үй болу! Басқа ештеңе емес!  
Конференция, форум, флешмоб, т.с.с. іс-шаралардың қызы көп тиын. Қанғып жүрген  
қазақ жастарының баспаналы болуына жағдай жасалсын! Сосын жастардың басым  
бөлігі қаражатының жоқтығынан үйлене алмай жүр. Ең төменгі пайызбен кредит алуына  
мүмкіндік жасалса, өздері-ақ төлейді ғой. Менің айтарым – осы!».



Бұл пікіріммен жастарды несие алуға үгіттеп, банктерге жарнама жасап жатқан жайым жоқ. Мұндай мәселенің бар екенін жоққа шығара алмайсыз. Әрі менсіз де алынатын несие алынып-ақ жатыр. Төлентіні төленіп те...

Түнгыш Президентіміз Н.Назарбаев өткен жылғы Жолдауында 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялаған болатын. Өне-міне дегенше мұның 4 айы да өте шықты. Әдепкіде әлеуметтік желіде- әртүрлі пікірлер жазылып жатты. «Аты ғана емес, заты да жастарға арналса ғой» деген арман-тілектер айтылды, ұсынылды. Шыны керек, жастарды қолдау ғана емес. Ал, бір жылда адам сенгісіз биікке көтеріп, артынша төменге тастай салу кімге қажет? Жарайды, нағандық шара десек те, есте қаларлықтай етуге болмас па? Осыншалықты «мырзалық» танытуға мемлекет мүдделі емес пе? Әлде билік бұған бейжай қарай ма?

Жалпы, жастарда мәселе жетерлік. Өлбетте, бәрі бір-біріне байланысты. Акша керек, сол үшін жұмысқа түру керек. Ал, жұмысқа түру үшін акша тағы керек. Бұл жерде әкесінің не шешесінің кредиті көмекке келеді. Біздегі трибализмнің түрі жаман. Тамыр-таныстықтың да одан қалыс қалғысы жоқ. Демек, жұмыссыздық – жастардың басты мәселесі. Жалақысы жақсы жұмысбасты жастың болашағы жарқын болмақ. «Кедей боп тусан, сен оған кінәлі емессің. Ал, кедей боп отсен, ол – сенің қателігің!» деген бар. Келісуге болады, «оқимет олтірмейді» деудің заманы өтіп кетті. Десе де, басшылық халықтың әл-ауқатын, әлеуметтік жағдайының жіті назарда ұстап, бақылауы керек. Ал, жыламаған балаға ештеңе жоқ ғой...

**Рыскелді □ ЖАХМАН**

---

**Сіз не дейсіз?**

**Шынғыс □ КҮДАЙБЕРГЕН, □ мұғалім:**

*Жастар жұмысқа □ түра алмай жүр*

- «Жастар жылында» басты назарга алыну керек мәселе – жұмыссыздық. Жастардын дені оқу бітіріп, жұмысқа тұра алмай жүр. Оған түрлі кедергілер себеп. Осы мәселе түбегейлі шешімін тапса деймін. «Жастар жылында» түрлі салаларға жастарды әлі де көптеп тарту керек сияқты. Иә, қазір жұмыспен қамту орталығы «Жастар практикасы» бағдарламасы арқылы 6 ай жұмыспен қамтып отыр. Қалай десек те, ол толыққанды жұмыс саналмайды ғой. Былайынша қарасак, жарты жылда жас маманға өзін көрсетуге толық мүмкіндік бар. Бірақ, бұл жерде таныстық та рөл ойнап кетеді.

«Жастар – еліміздің болашағы». Әрине, бізге деген сенім де бар. Ол сенімді сезініп, жауапкершілікпен атқаруды жастардын еншісіне қалдырайық. Бәсекеге қабілетті және кәсіби шеберлігі бар жас мамандарға жұмыс табылуы тиіс. Қоғам мен адамдар шын мықтынын аяғын тұсауды, оны шарасыздықта қалдыруды қоюы керек. Менінше, жақсы жұмысы бар жас маман әрі қарай әлеуметтік жағдайын өзі-ақ реттеп алады.

**Таншолпан КЕНЖЕБАЕВА, журналист:**

*Қаржының жастардын игілігіне жұмсаған дұрыс*

- Біздің қоғамда жұмыссыздық пен баспана- мәселесі жастар үшін ең өзекті тақырыпқа айналып отыр. Бүгінде жоғары білімді дипломы бар, жұмысы жоқ жастардын қарасы қалын. Бұл жайтты өз қатарластарымнан-ақ көріп жүрмін. Қызыл дипломы-н болса да, қазір «аға-көкөнін», бір сөзбен айтқанда тамыр-таныстықтың дәурені жүріп тұр.

Сонымен қатар, пәтер кезіп жүрген, баспанасы жоқ жас отбасылар да жетер-лік. Менінше, биылғы «Жастар жылында» жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бағдарламалар арқылы- үй алу мүмкіндігін жеңілдететін уақыт жеткен

*сиякты. Казір көптеген мемлекеттік бағдарламалар бар, бірақ бағасы аспанға шарықтап түр. Енді гана шанырақ көтерген жастар үшін ондай баспананы алу мүмкіндігі қайдан болсын? Біраз отбасылар жалдамалы пәтерлердің есігін тоздырып, бірінен сон біріне ауысып, зүпірімдеп күн көруде. Акшанын жетіспеушілігінен түрлі отбасылар қиындықтарға шыдамай, ажырасып кетіп жатады. Ен болмағанда бастарында баспанасы болса, сонын өзі демеу гой. Сол үшін, қолдағы бар қаражатты қажетсіз дүниелерге емес, еліміздің болашағы саналған жастардың игілігіне жұмсаған дұрыс болар.*

**Нұрканат ҚАЙРАТ, айтыскер ақын:**

*Жастардың ақылды болғаны билікке керек емес*

*- Мойындау керек, қай салада болмасын, білікті жас мамандар аз. Казір көбі оқуға грант үшін түседі. Тәуекел, сенім жоқ. Менінше, жастар қателесуден қатты қорқады. Бірақ, жас-тардың білімді, тым ақылды болғанының біздің билікке де қерегі жоқ. Олар-ға өздерінен ешкім асып кетпеуі- керек гой.*

*Биылғы жыл «Жастар жылы» деп қабылданды. Бұл жай аты гана. Форум мен жиындардан дым шешілмей-ді, өзгермейді. Жас-тарға қатысты мәселе өте көп. Мысалы, 20 мың теңгенін шамасындағы шәкіртақы үлкен қалалардағы жастарға жетпейді. Жалдамалы пәтерде тұрғаннан кейін, шәкіртақысы сонда кетеді. Сол үшін жұмыс істейді не олимпке ақша тігеді. Қысқасы-, оқуы жайына қалады.*

*Ал, улттык өнер туралы айтар болсам, айтыс-ты колдайтын улттык буржуазия керек секілді. Өйткені, партия өткізген айтыста шекара болады. Ал, ондай жагдайда айтылар мәселе айтыл-май, жагыну басталып кетеді. Сөз билікке жетпейді не олар кабыл алмайды. Маман (Алаш арыстарына колдау көрсеткен эулет) эулеті сиякт-ы ултым деген азаматтар өнерді, эдебиетті колдауы керек. Негізі, көп мәселе элеуметтік жагдайга келіп тіреледі.*